

№50 жалпы орта білім беретін мектебі

Қамқоршылық кеңес отырысының

ХАТТАМАСЫ №10

Өткізілген күні: 19.01.2021 жыл

Өтетін орны: мектеп кітапханасы

Төрайымы: М.Кульшурина

Хатшы: Б.Қайыркұл

Күн тәртібінде:

- Қамқоршылық кеңес құрамындағы өзгерістер мен толықтырулар
Жауапты: ДТІЖО Б.Қайыркұл
- Білім беру ұйымының 2020 жыл бойынша қаржылық қорытынды есебі
Мектеп басшысы: М.Жумагазиева
- Білім беру ұйымының 1 жартыжылдық бойынша әлеуметтік педагог есебі, аз қамтылған, көп балалы отбасылардың құжаттарымен таныстыру.
Жауапты: әлеуметтік педагог З.Казмагамбетова

ТЫҢДАЛДЫ 1 - мәселе

Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестер құру туралы «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 сәуірдегі №123 бұйрығына сәйкес Қамқоршылық кеңес білім беру ұйымдарында құрылады. Қамқоршылық кеңестің жалпы ережелері, сайлау тәртібі мен құрамы, қамқоршылық кеңестің құрылымы, қамқоршылық кеңес жұмысын ұйымдастыру тәртібі, қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату жөнінде құрам мүшелеріне таныстырылды. Сонымен қатар қамқоршылық кеңес құрамы 9 адамнан тұратындығы айтылып, қамқоршылық кеңестің құрамына мыналар кіреді:

1. Жергілікті өкілдік, атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілдері;
2. Жұмыс берушілер мен әлеуметтік әріптестердің өкілдері;
3. Коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері
4. Ата-аналар комитеті ұсынған әрбір параллель сыныптан, курстан сол білім беру ұйымында білім алушылардың бір ата-анасы немесе заңды өкілі
5. Қайырымдылық жасаушылар болса (бар болса)

Қамқоршылық кеңестің отырысында ашық дауыс бер жолымен дауыстар басымдылығымен сайланатын оның төрағасы Қамқоршылық кеңестің басшысы

болып табылады. Қамқоршылық кеңестің төрағасы болмаған жағдайда Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша оның қызметін Қамқоршылық кеңес құрамына кіретін мемлекеттік органдардың өкілдерінен басқа Қамқоршылық кеңес мүшелерінің бірі жүзеге асырады. Қамқоршылық кеңестің отырысын шақыру туралы хабарламаға Қамқоршылық кеңес төрағасының қолы қойылып, хабарлама отырыс өткізген күнге дейін жеті жұмыс күннен кешіктірілмей қажетті материалдармен бірге Қамқоршылық кеңес қызмет ететін білім беру ұйымына жолданады.

ТЫНДАЛДЫ 2 - мәселе

Мектеп басшысы Қамқоршылық кеңес мүшелерімен амандасып, бүгінгі кездесуге келгендеріне алғыс айтып, өз сөзін бастады. Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 сәуірдегі №123 бұйрығын негізге ала отырып осы кеңес мүшелерінде өзгерістер болуына байланысты қайтадан Қамқоршылық құрамы жасақталып жатқандығын ескертті. Мектеп басшысы мектеп ашылғаннан бастап қаржы 2019 жылдың қаңтар айынан бастап жүргізілгендігін қамқоршылық кеңес мүшелеріне таныстырды. Осы 3 жылда қаржылық есепті салыстырмалы түрде таныстырды. 2019 жылы – 259 611 000 теңге, 2020 жыл – 392 931 500 теңге, 2021 жыл – 512 439 000 теңге қаражат бөлінген болатын. 2019 жылы 700 дей бала санымен және 70-ке жуық педагог кадрлармен жұмыс бастағанын айтты. Өздеріңіз көріп отырғандай соңғы жылдары педагогтардың еңбекақысы артуы да осы бір жылға бөлінген қаражат мәселесінің молаюына әкеліп соққанын, сонымен қатар 2020 жылғы қаражаттың қайда, қалай жұмсалғандығы толық нақты түсіндірді. Жалпы бөлінген қаражат қоры 363 647 600 теңге, мұның ішінде налог, сыйақы, лич.пособие, мұғалімдерге +25 пайыз үстеме барлығы кіреді. Коммунальдық қызметтерге жұмсалған қаражат – 12 740 400 теңге (интернет, жарық, су, байланыс құралдары); Кеңсе құралдары мен мектеп тазылығына арналған жуғыш заттарға жұмсалған қаражат – 2 203 100 теңге (хлор,сабын, порошок, еден жуатын құралдар); Услуги (бейнебақылау, септик, оқулықтарды жеткізумен қамтамсыз ету, дезинфекция, заправка картриджа т.б) жұмсалған қаржы – 7 561 100 теңге. Тамақтануға – 2 982 500 теңге (1-4 сынып оқушыларына бөлінген қаражат), 900 000 теңге – аз қамтылған отбасы балаларына жұмсалған қаражат. Жалпыға білім беру бойынша – 2 896 800 теңге жұмсалған. Қазіргі таңда қашықтықтан және штаттық режимде кезекші топтар құрылып 1184 оқушы мектебімізде білім алуда. Оның ішінде буын – буынымен тоқталатын болсақ мектепалды даярлық -122 тәрбиеленуші, 1-4 сыныптарда – 593 оқушы , 5-9 сыныптарда – 390 оқушы, 10-11 сыныптарда – 79 оқушы, барлығы 1-11 сыныпта – 1062 оқушы (мектепалды даярлықты қоспағанда). Алдағы осы мектебіміздің рейтингісін, оқушыларымыздың білім сапасын арттыру мен мұғалімдеріміздің кәсіби өсуіне қолғабыс болуда бірігіп жұмыстануда сіздердің де көп көмектеріңіздің болатыны сөзсіз. Сол ісімізге сәттілік деген сөзімен аяқтады.

ТЫНДАЛДЫ 3- мәселе

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 22 ақпанындағы «Мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидалары» шыққан №64 қаулысы негізінде 2020 жылдың тамыз айына дейін дәстүрлі жалпы республикалық «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы аз қамтылған және жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде қолдау көрсету сондай-ақ әлеуметтік себептермен мектепке балалардың келмеуінің алдын алу мақсатында Республикалық бюджеттен және жергілікті бюджеттен қаржы бөлініп, 116 оқушы оқу құралдары мен 85 оқушы спорт киімдерімен және 31 оқушы мектеп формасымен қамтамасыз етілді. Осы оқу жылының қыркүйек айынан бастап, жалпыға бірдей білім беру қорынан материалдық көмекке құжат тапсырған 47 отбасындағы 100 оқушыға 50 дана дәптерден таратылды. Тамыз айында мектепке жол акциясына ілікпей құжаттарын қыркүйек айында тапсырған мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын 16 оқушыға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражаттан қысқы куртка, бас киім берілгендігін айтты. Көп балалы немесе аз қамтылған, қамқорлықтағы отбасылардан шыққан және өзге де санаттағы оқушыларға қамқоршылық кеңесінің қатысуымен ата-аналармен мектеп арасында екі жақты келісім шарт жасалып, мектептегі қолданыста тұрған 103 компьютер, республикалық бюджеттен 25 планшет, 80 ноутбук таратылып пайдалануға берілген. Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының 2020 жылдың 28 тамызындағы №1432 қаулысы негізінде мемлекеттік жекешелік әріптестік жобасының келісім шарты бойынша 1-4 сынып оқушылар 156 теңге және аз қамтылған отбасы оқушылары үшін 206 теңге мөлшерінде құжаттарын тапсырған шаттық режимде оқитын оқушылар мектеп жанынан ыстық тамақпен қамтылуда деп сөзін аяқтады.

Қаулы:


1. Заңнамада көрсетілген ережелерді сақтай отырып, Қамқоршылық кеңес құрамы құрылып, Кеңес төрайымы М.Кульшурина бекітілсін.
2. Білім беру ұйымының қаржылық қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
3. Әлеуметтік педагог есебі қанағаттанарлық деп танылып, жұмыстары жалғастырылсын.

Келісілді: Қамқоршылық кеңес төрайымы М.Кульшурина

Мүшелері: Меденова Нұрбөбек

Утебалиева Сағыныш

Набиева Жанаргүл



Жаксыбаев Ернар 
Ажикова Жанна 
Досмуханова Лунара 
Жолдасова Гульшат 

Хатшы: Б.Кайыркүл 